

О применении мер безопасности орган, обеспечивающий безопасность, выносит постановление. При устранении угрозы безопасности защищаемого лица либо в случае возникновения иных оснований для отмены мер безопасности уполномоченным на то должностным лицом выносится соответствующее мотивированное постановление, которое незамедлительно объявляется защищаемому лицу.

1. Выводы и рекомендации Совещания Специальной группы экспертов по уменьшению риска насилия в системе уголовного правосудия // Док. E/CN.15/1994/4/ Add.3. - 25 February, 1994. - P. 10.
2. Томин В.Т. Острые углы уголовного судопроизводства. - М., 1991. - 206 с.
3. Щерба С.П., Зайцев О.А. Обеспечение безопасности участников процесса // Вестник МВД РФ. - 1993. - № 6. - С. 25.
4. Бутов В.Н. Уголовный процесс Австрии. - Красноярск, 1988. - 227 с.
5. Закон Республики Казахстан № 72-ІІ «О государственной защите лиц, участвующих в уголовном процессе» от 05.07.2000 года // Казахстанская правда. - 13.07.2000. - С. 5.
6. Ахпанов А.Н. Пределы правоограничений личности в уголовном судопроизводстве: научные труды Карагандинского юридического института МВД РК.- 2003. С. 7
7. Канафин Д.К. О процессуальных средствах обеспечения безопасности участников уголовного процесса, служащих интересам доказывания по делам об организованных преступлениях // Труды Академии управления МВД РФ. - М., 1998. - С. 30.
8. Журсимбаев С.К. Обеспечение прокурором прав личности на предварительном следствии: Монография. - Алматы, 2001. 196 с.

\*\*\*

Effective measures on protection suffered and others participating in criminal trial are detection by bodies of inquiry and the bodies which are carrying out operatively-search activity, inspectors, public prosecutors, courts and judges of the facts of an encroachment on them and their relatives for the purpose of hindrance to participation in criminal proceedings and acceptance of the measures provided by the law to an establishment, exposure and punishment.

*И. Сеилова*

### **АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ТЕХНИКАСЫНЫҢ АЙДАП КЕТУ ҚЫЛМЫСЫНЫҢ ЗАТЫ РЕТІНДЕ ТАНЫЛУЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ**

Қылмыстың заты қылмыстық құқық ғылымындағы өз алдына бөлек көптеген аспектіге ие күрделі проблемалық сұрақтардың бірі. Егер бір авторлар қылмыстың объектісінде қылмыстың затын ажыратуға аса көңіл бөлсе, басқалар тіпті қылмыстың құрамында әлдебір затты ажыратуға үзілді кесілді қарсы болды. Солай егер Н.И.Загородниковтың ойы бойынша қылмыстың затының тек теориялық қана емес, сонымен қатар тәжірибелік те маңызы зор, қылмыстың объектісі мен қылмыстың заты бір құбылыс емес, олар бір бірінен міндетті түрде ажыратуылуы тиіс, осыған сәйкес қылмыстың объектісі мен заты бірігіп кетпей, үнемі өзара біртұтас құбылыс пен оның құрамдас бөлігі ретінде ара қатынасқа түспі отырады [1]. А.А.Пионтковский болса қылмыстың заты түсінігін - қылмыстың объектісінің дұрыс атау деп қарастырды. «Қылмыстың затын зерттеуге бағытталған ғылыми жұмыстар қандай да болсын тәжірибелік мәні жоқ, тіпті бұл зерттеулер зиянды, себебі кеңестік қылмыстық құқықтық әдебиетте орын алған қылмыстың объектісі және затын ажыратуға деген әуесқойлық, өзінің зиянды салдары ретінде социалистік құқықтағы қылмыстық объектісі жайлы ілімнің шынымен маңызды сұрақтарының шетте қалып қоюына әкеліп соқты [2]», - деп көрсетті А.А. Пионтковский өзінің осы мәселеге қатысты еңбектерінде.

Қылмыс құрамына қатысты жүргізілген кейінгі зерттеулердің нәтижелері, қылмыс затының көрнекті болмаса да, қажетті элемент ретінде барлық қылмыс құрамдарында міндетті түрде орын алатындығын көрсетті. Қылмыстың затының түсінігі жайлы қазіргі кездегі орын алып отырған көзқарастардың сан аулындығына қарамастан, олардың барлығын үш ұқсас топқа бөлуге болады. Солай авторлардың бір тобының пікірлері бойынша қылмыстың заты бұл қылмыстың объектісінен мүлдем тыс құбылыс. Екінші авторлардың пайымдауына сәйкес керісінше қылмыстың объектісі мен қылмыстың заты бұл біртұтас өзара ажыратылмайтын түсініктер және бір құбылыс. Авторлардың үшінші тобы жоғарыда көрсетілген көзқарастарға ұқсас, яғни аралық көзқарасты ұстануда. Яғни олардың ойы бойынша қылмыстың заты қылмыстың объектісінің құрамдас элементі болғанның өзінде де, оның жеке дербестігі жоққа шығарылмауы тиіс. Соңғы көрсетілген көзқарас қазіргі кезде басым және біздің оймызша ең дұрыс болып табылады.

Көріп отырғанымыздай, қылмыстық құқық ғылымында қылмыстың заты жайлы мәселе кең дискуссиялық талқылауды қажет ететін проблемалардың бірі. Бірақ қылмыстың затын арнайы

зерттеумен ғалымдардың аз ғана тобы айналысқандығы белгілі. Осымен қоса қылмыстың затын зерттеу барысында туған дискуссиялар басым жағдайларда, қылмыстың затын қылмыстың объектісінен бөлу жайлы мәселенің төңірегінде ғана кеңірек өрбігендігін көрсетуіміз тиіс.

Ал ҚР ҚК 185 бабында көзделген қылмыстың затына келсек, оның негізгі белгілері және ерекшеліктері заңи әдебиетте толыққанды зерттеліп, көрсетілген жоқ. Біздің ойымызша авторлар көлік құралының анықтамасымен, оның қылмыстық құқықтық сипатын анықтаумен ғана шектеліп, оның өзіне ғана тән айрықша белгілерін көрсеткен жоқ.

Бірақ қылмыс затының, қылмыс құрамының дербес құрамдас бөлігі ретінде қоғамдық қауіпсіздік және меншік қатынастарына зиян келтіру механизмінде, сондай ақ ҚК 185 бабында көзделген қылмыстық әрекеттің объектісін анықтауда, осы қылмыс құрамын саралау кезінде аса маңызды теориялық және тәжірибелік маңызға ие. Біздің бұл тұжырымды негіздейік.

Ең алдымен, қылмыстың затын зерттеп, анықтау, көлік құралына заңсыз қол сұғушылықтың объектісінің мәнін анықтап, нақтылауға көмектеседі.

Теориялық категория ретінде, қылмыс затының, қылмыстық жауапкершіліктің негіздеріне, қылмыстық әрекеттің саралануына, қылмыстарды тергеуге белгілі дәрежеде ықпал ететін дербес қылмыстық құқықтық мәнге ие бірқатар ерекшеліктері мен белгілері бар. Мысалға айдап кетудің затының түрі, маркасы, түсі, шығарылған уақыты, жүріп өткен жолы және т.б. белгілері тергеу органдарының қызметкерлеріне айдап кетудің мақсаты, қылмыскерлердің кәсіби дәрежесі, қасақаналық және т.б. туралы нақты мағлұмат бере алады.

Яғни қылмыстың заты дегеніміз бұл – оған субъект әсер ете отырып қоғамдық қатынастарды өзгертіп, осы әрекетімен қоғамға зиян келтіретін, қол сұғылып отырған қоғамдық қатынастардың (қылмыстың объектісінің) құрамдас бөлігі. Басқа сөзбен айтқанда, оған субъект әсер етіп, қоғамдық қатынастарды өзгертетін және қоғамдық қатынастар көрінісін табатын материалдық объектіні қылмыстың заты деп тануға болады [III].

Айдап кетудің затына, яғни көлік құралына әсер ету, осы әсер етудің түрі, қылмыстың затын өзгеріске ұшырату (жою, сырт келбетін өзгерту, бөлшектеу), басқа да белгілерімен қатар көп жағдайларда қылмыстың сипаты, оның қоғамдық қауіпсіздігінің дәрежесін анықтауға мүмкіндік бере алатындығы да сөзсіз.

Осылармен қатар қылмыстың заты қылмыстық әрекетті дұрыс саралау үшін де аса үлкен маңызға ие екендігін атап көрсету қажет. Қылмыстың затының материалдық және әлеуметтік қасиеттері көп жағдайда, ұқсас қылмыс құрамдарын ажыратудың және қылмыстық әрекеттерді қылмыстық емес әрекеттерден айырудың негізі ретінде қызмет атқарады. Солай трактор мен троллейбусты ұрлау мақсатымен айдап кету фактілері өте сирек кездесетіндігі, ал автомобильге деген қылмыстық қол сұғушылықтардың басым көпшілік жағдайларда оларды иелену үшін жасалатындығы белгілі. Қылмыстардың саралануына осылармен қатар қылмыс затының қасиеттері де ықпал етуі мүмкін. Қылмыс затының қасиеттерін білу бізге қылмыстық қол сұғушылықта ұрлау ниетінің бар жоқтығын анықтауға мүмкіндік береді, мысалға мүлдем бөтен адамның киімін кие тұрамын деп алуға болмайды, бұл әрекеттің ұрлық деп саналатындығы белгілі, осы сияқты, кәдімгі грейдерді оның техникалық қасиеттеріне (оның жылдамдығы, тек арнайы мақсаттар үшін ғана қолданылатындығы) байланысты айдап кету фактілері өте сирек.

Сонымен ҚК 185 бабын талдау нәтижесінде, заңда осы қылмыс құрамының затының нақты айқындалып, көрсетілмегендігін анықтауға болады. Қылмыстың затын сипаттаудың осындай әдісін, айдап кетудің заты бола алатын көлік құралдарының толық шеңберін көрсетудің мүмкін еместігімен түсіндірсек те болады. Бірақ қылмыстың затының осылай нақты айқындалмауы көптеген қылмыстық құқықтық қарама қайшылықтарға алып келуі мүмкін кендігін де ескеру қажеттілігін ұмытпау керек. Қылмыстық заңға берліген түсіндірмелерден біз ҚК 185 бабының диспозициясында көрсетілген автомобильден өзге басқа да көлік құралдары ретінде сондай ақ троллейбустар, трамвайлар, тракторлар, мотоциклдер және басқа да өздігінен жүретін машиналар (мысалға грейдерлер) қарастырылатындығын түсінуге болады [IV].

Осы жердегі проблемалық сұрақтардың бірі біздің ойымызша ол ауылшарушылық техникасының айдап кету қылмысының заты болып танылуы.

Ең алдымен ауылшарушылық техникасы және ауылшарушылық машиналары деген түсініктері деген түсініктерге тоқтап оларды ажыратып алайық. Ауылшарушылық машиналарына арналған әдебиетте ауылшарушылық техникасы мобилді, стационарлық және қозғалмалы деп бірнеше топқа бөлінген [V]. Мобилді машиналар деп – жұмыс үрдісі қозғалыс кезінде өтетін машиналарды айтамыз. Олар өнделетін аумақ бойынша қозғалып жұмыс істейді. Стационарлық машиналар бір жерде орналасып, өнделетін заттар оларға жеткізіліп береді. Қозғалмалы машиналар өз кезегінде дөңгелектермен жабдықталып, оларды бір орыннан екінші орынға қозғалтып отырады.

Мобильді машиналар тіркелмелі, жартылай аспалы, аспалы, және өздігінен қозғалатын болып бөлінген. Өздігінен қозғалатын машиналардың қозғалтқышы, трансмиссиясы, кабинасы және басқа да бөлшектері бар. Өздігінен қозғалатын мобильді машиналарға көп жағдайда комбайндар және басқа орып, өңдеуші машиналар жатқызылады.

Аталған ауылшарушылық машиналардан бөлек ауылшарушылық техникасы түсінігіне трактор және автокөлік құралдары кіргізілгені дұрыс деп санаймыз. Яғни біздің ойымызша ауылшарушылық техникасы түсінігі, ауылшарушылық машиналары түсінігінен біршама кең түсінік. Себебі ауылшарушылық машиналары өзіне ғана тән қасиеттерге ие және тек арнайы мақсатқа қолданылатын болса, өз кезегінде тракторлар мен ауылшарушылығында қолданылатын автокөлік құралдары бұл топқа кірмей, бірақ ауылшарушылық техникасы түсінігімен толық қамтылады.

Жол жүру ережелеріне бойынша көлік құралы – бұл жолдар арқылы адамдардың, жүктер мен т.б. тасуға арналған құрал.

Көрсетілген ережелерде көлік құралдары төмендегідей бөлінген:

1. Двигателі бар: а) механикалық, б) мопедтер;

2. Двигателі жоқ: а) велосипедтер, б) прицептер;

Көлік арба көлігі бұл тізімде бөлек орынға ие. Көлік арба көлігіне қатысты еліміздің қылмыстық заңында «жылқыны заңсыз иелену» атты норманы бекітуге деген сәтсіз талпыныс болғандығын көрсету керек. Бірақ Жаңа кодекстің 185 бабында хайуанаттар жайлы айтылмаған. Осы мәселеге байланысты Ю.А. Панованың «көлік арба-көлігі қарастырылып отырған қылмыстың заты болып қарастырыла алмайды» [VI], - деген ойының орынды екендігін көрсетіп кеткендігіміз жөн.

Көлік құралының жеке өзінің автономды қозғалуға деген қабілеттілігі, яғни көлік құралында ішкі жану немесе электрлік қозғалтқыш болуы керек. Қозғалтқышы жоқ көлік құралдары механикалық болып таныла алмайды.

Жол жүру ережелерінде нақты анықтама болмаса да, оның нормаларын логикалық саралау нәтижесінде механикалық көлік құралының қозғалтқышы белгілі талаптарға сай болуы қажет екендігін көреміз. Оларға сәйкес қозғалтқыштың көлемі 50 см<sup>3</sup> және жылдамдығы 50 км/шақ. кем болмауы керек. Яғни жол жүру ережелерінің нормаларына сүйенсек, оларда көрсетілген талаптарға сай бола алмайтын көлік құралдары айдап кету қылмысының заты бола алмайды.

Бірақ, біздің ойымызша, аталған көрсеткіштерге сай бола алмайтын көлік құралдары механикалық көлік құралдарына жатқызыла алмайды деген көзқарас даулы. Әсіресе бұл тұжырым жылдамдық көрсеткіштеріне қатысты. Айдалып кеткен мотоцикл немесе автомобиль 100 шақ/сағ жылдамдықпен жүре алса, айдалып кеткен ауылшарушылық техникасы, мысалға шынжыр табанды трактор 10 шақ/сағ жылдамдықтан тез жүре алмайды. Бірақ аталғандардың барлығы да айдап кету қылмысының заты болып табылады. Кейбір спорттық мотоциклдердің қозғалтқыштарының көлемі 50 см<sup>3</sup> кем болып, бірақ олардың жылдамдығы 100 шақ/сағ жылдамдықтан асуы мүмкін. Яғни айдап кетудің заты бола алмайды деген көзқарасты жақтайтын авторлардың пікірлері біздің ойымызша негізсіз.

Механикалық көлік құралдары - жол жүру ережелерінде «қозғалтқыштың күшімен қозғалатын көлік құралдары» деп анықталған. Бұл түсінікке мопедтер кіргізілмеген. Қарастырылып отырған қылмыстың затының көрсетілген анықтамасы кез келген өздігінен жүретін машиналарға, тракторлар және басқа да механикалық көлік құралдарына қатысты. Олардың ішіне тек көлік қызметін емес, басқа да қызметке бағытталған механикалық көлік құралдары жатқызылған. Мысалға ауылшарушылық машиналар, және жол жұмыстарына арналған машиналары және т.б. [VII]

Бірақ ауылшарушылық техникасы түсінігіне кіргізілетін ауылшарушылық машиналары қалай болғанның өзінде де көлік құралы болып танылуы мүмкін емес, оның себебі ауылшарушылық өздігінен қозғалатын мобильді машиналардың пайда болуының мәні – ол көлік құралы ретіндегі қызмет емес, осы ауылшарушылық машинасына ғана тән арнайы мақсатты жүзеге асыру. Солай мысалға біз комбайнмен егін оратын болсақ та, комбайнді біз көлік құралы ретінде ешқалай да қолдана алмаймыз. (Тура осылай біз әртүрлі өздігінен қозғалатын ауылшарушылық емес машиналары жайлы жда айта аламыз, мысалға грейдерлер, автокарлар және т.б.) Бірақ осының өзінде де комбайнның және басқа ауылшарушылық емес техникасының айдап кетудің заты болуы жағдайлары кездесеуі таңғаларлық жәйт емес.

Сол себепті, біздің ойымызша, қылмыстық заңда көрсетілген автомобильді немесе өзге де көлік құралын заңсыз иелену атты қылмыстық құрамы бойынша ауылшарушылық және ауылшарушылық емес техниканы айдап кеткені үшін қылмыстық жауапқа тарту үшін, аталған норманың диспозициясына өздігінен қозғалатын техника түсінігін қосу керек.

1. Қараңыз: Загородников Н.И. Понятие объекта преступления // Труды Военно-юридической академии, XIII. шығарылым – Москва, 1951. 44 бет.

2. Қараңыз: Курс Советского Уголовного права. 2-ші том. М., Наука, 1970, 121 бет.

3. Қараңыз: Коржанский Н.И. Объект и предмет уголовно – правовой охраны. Академия МВД СССР, 1980. С. 104.

4.Комментарии к УК РК А. 2000г. ст.403

5.Сельскохозяйственные машины. М., 1989

6. Қараңыз: Панова В.Ю. Уголовно-правовые меры борьбы с неправомерными завладениями автотранспортными средствами. Заң ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға кандидаттық диссертация. М. РФ ПИМ Басқару Академиясы, 1997.

7.Комментарий к УК РФ. – М., 1994 жыл 394 бет.

\*\*\*

In the article “Criminal lawful problems examining agricultural techniques as the object of driving away”, written by opened common notion of the crime, also the attention was paid to the common notion of agricultural techniques and agricultural cars. Pointed out on the actual problems of the composition of driving away in the connection with the qualification of the given crime on agricultural techniques and agricultural cars.

\*\*\*

В статье «Уголовно правовые проблемы рассматривания сельскохозяйственной техники в качестве предмета угона» раскрывается общее понятие предмета преступления, также обращено внимание на общее понятие сельскохозяйственной техники и сельскохозяйственных машин. Указывается на актуальные проблемы состава угона в связи с квалификацией данного состава преступления на сельскохозяйственной технике и сельскохозяйственных машинах.